


Келісемін
«Балбұлақ» МДҰ әдіскері:
Г.К.Әбдікәрімова 

«Бекітемін»
«Балбұлақ» МДҰ меңгерушісі:
Х.К.Қалжанова 



**Тақырыбы: «Күз тамаша»
(ертеңгілік)**

Өткізген: «Қарлығаш» тобы
Тәрбиеші: Туремуратова Г.А

2022-2023 оқу жылы

«Күз ханшайым»

Жүргізуші:

Төңірек толы сары алтын
Күз келді туған жеріме
Шуағы нұрлы жайнаған
Алтын күз әсем айналам

Армысыздар құрметті қонақтар, ата – аналар,
баршаңызды күзгі мейрамдарыңызбен
құттықтаймыз. Құттықтай отырып бүгінгі Ана мен
бүлдіршін арасында өтетін «Күз ханшайым» атты
сайысымызға қош келдіңіздер! Сөз кезегін «Балбұлақ»
МДҰ-ның меңгерушісі Қ.Х.Камалқызына беріледі

Жүргізуші:

Әділқазы береді,
Өздеріңе билікті,
Өнерде кім жеңеді,
Алады сол сыйлықты,- деп еңалдымен сіздерді әділ-қазылар
алқасымен таныстырып өтейік:

1. «Балбұлақ» МДҰ-ның меңгерушісі Қ.Х.Камаловна
2. Ата-ана Шалыбаева Сандугаш
3. Ата-ана Абдиқаримова Мөлдір

Жүргізуші:

Уа, халайық, халайық,
Бәріміз назар салайық,
Мерекесі бақшаның,
Сайысын біз бастайық,
(Ортаға бүгінгі сайысқа қатысушы аруларды шақырамын)

Сайысқа қатысушы аруларды реттік белгілері бойынша
таныстыру, орындарына отырғызу.

1. Тугелова Гулайна Болатбекқызы
Түгел Айғаным Тахирқызы
2. Тулепбаева Адина Еділқызы
Қойлыбаева Көзайым Өркенқызы
3. Әзбергеннова Айжұлдыз Ақәділқызы

4. Ахметова Алия Шагирбаевна
Ахметова Алина Азаматқызы

Сайысты бастамас бұрын, сайыстың шарттарымен таныстырып өтейін:

Сайыс шарттары:

1. Таныстыру.
2. Өз өнерлерін көрсету
3. Қол өнері көрсету
4. Сән үлгісін көрсету
5. Ас мәзірі
6. Сұрақ-жауап(Мақал мәтел Логикалық сұрақт)

Логикалық сұрақтар

1. Қай сөз әрдайым дұрыс болып естіледі? **Дұрыс**

Жұмбақ

1. Сатайын десем ауыр кілем,
Сатпайын десем тәуір кілем.

Жер

Логикалық сұрақтар

2. Ол сізге тиесілі, бірақ адамдар оны сізден жиі қолданады? **Сіздің есіміңіз**

Жұмбақ

2. Қуып едім, мойнын бұрмады, ұстайын деп едім, қолға тұрмады

Боран

Логикалық сұрақтар

3. Жабық көзбен нені көруге болады? **Түсті**

Жұмбақ

3. Шөміші жоқ, теңізді сапырады. Кебісі жоқ, егінді жапырады.

Дауыл

Логикалық сұрақтар

4. бұқа 5 литр сүт беретін болса, 5 бұқа қанша литр сүт береді? **Бұқа сүт бермейді**

Жұмбақ

Ауыл сыртында сайда, жатыр үлкен айна.

Көл

жүргізуші:

Қуанышқа бөленген әр күніміз

Бақыттымыз балалар барлығымыз

Ән шырқайық көтеріп көңілдерді

Күз тама әніне кезек беріп.

Ән: Күз тамаша

жүргізуші:

Балабақша бағында

Сайраңдаймыз жатында

Нақ өзіндей бүлдіршіп

*Көп достардың жанында, -деп, біздің кішкентай
бүлдіршіндерімізді жатырақтар биімен қош еметтеп қол
соғып ортаға шақырамыз*

Би: Жатырақтар

**«Ақбота» тобының бүлдіршіндерінің тақпақтарын
тамашалайық**

*Құрметті ата-аналар, қонақтар, баршаңызды тағы да күз
меркесімен құттықтаймыз. Осымен бүгінгі*


*«Күз ханшайым» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Зейін
қойып тыңдағандарыңызға рахмет. Келесі кездескенше сау
саламатта болыңыздар*



Келісемін»
«Балбұлақ» МДҰ әдіскері:
Г.А.Туремуратова м.у.а



«Бекітемін»
«Балбұлақ» МДҰ жетекшісі:
Х.К.Қалжанова



Тақырыбы:
«Тәуелсіздік деп соғады жүрегім»
(ертеңгілік)

Өткізген: «Қарлығаш» тобы
Тәрбиеші: Туремуратова.Г.А

2022-2023 оқу жылы

«Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз»

Тәуелсіздігіміздің 31 жылдығына арналған «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» атты мерекелік кешімізге қош келдіңіздер!

Мақсаты: Балалардың Отаны, Рәміздері, Елбасы, желтоқсан оқиғасы, Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін молайту. Мәнерлеп тақпақ айтуға.

«Балбұлақ» МДҰ-ның меңгерушісі Қалжанова Халима Камаловнаға сөз кезегі беріледі

Шайқалмасын ешкімнің шаңырағы, Бақыт көрсін Отанның сан ұланы. Енді ағайын, көгінде қалықтасын, Қазағымның қастерлі – Әнұраны!

Қазақстан Республикасының әнұраны орындалады

Жүргізуші: Біз бүгін тәуелсіздік алған күнімізді мерекелеудеміз. Біздің еліміз тәуелсіз болғандықтан өз мемлекеттік Әнұраны, Елтаңбасы және өзінің мемлекеттік туы бар. Балалар, мемлекеттік туымыздың түсі қандай екен?

Балалар: Туымыздың түсі – көк.

Жүргізуші: Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан.

Жүргізуші: Қазақстан қандай мемлекет?

Балалар: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Жүргізуші: Еліміздің президенті кім?

Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев. Кемелұлы

Жүргізуші: Еліміздің елордасы қай қала?

Балалар: Астана.

Жүргізуші: Астана қандай қала?

Балалар: Астана-бас қала, әдемі, үлкен қала.

Кім айтады біздің еліміз қалай аталады? Біз қай елде өмір сүріп жатырмыз?

Балалар: Қазақстан елінде өмір сүріп жатырмыз.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыздар. Біз өз алдына бөлек Қазақстан деген тәуелсіз, егеменді елде өмір сүріп жатырмыз

Жүргізуші: Иә, өте жақсы.

–Ал, енді балалар, тақпақтарымызды айтайық (балалардың тақпақтары тыңдалады).

1. Ән ұраным, жан ұраным
Айтар әнім, айтар сөзім
Туған жерім сағынарым
Жүрсем егер дүние кезім

Айжұлдыз:

2. Айнымайды аспаннан
Біздің тудың бояуы
Оны халық қашанда
Биікке іліп қояды

Нұрдаулет:

3. 16 желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн
Мерекеде ел қуанып
Шаттанып ән салған күн

Бағдаулет:

4. Аялап ару ананы
Өсірген еркін баланы
Бесігін бөлеп тербеткен
Отаным қазақстаным

Әмір:

5. Отан - деген ұлы ана
Отан деген гүлама
Мен ғана емес атамда
Перзенті екен Отанға

Ж. Жұлдыз:

Би: Алға қазақстан ұлдар

6. Жасасын азат ерлік күн
Жасасын бейбіт елмен жер

Бекиур:

*Бостандық алған қазақтың
Мәртебесін көрсін ел*

*7. Бейбітшілік күн жаса,
Мерейімді асырып.
Тәуелсіз күнім жүз жаса,
Келеңсіз күнді жасырып.*

Мансур:

*8. Тәуелсіздік жазында,
Талай – талай тер тамған.
Билігім өз қолымда,
Еркіндігім – Елтаңбам.*

Еңілік:

*9. Он алтыншы желтоқсан -
Тәуелсіздік алған күн,
Мерекеге ел тосқан
Атамменен барғанмын.*

Хан:

*10. Мерекеге шығады
Бүкіл халық, біліп қой.
Отандастар ұғады
Тәуелсіздік - ұлық той.*

Айғаным:

Д/Ойын:

Би: Қыздар биі

Жүргізуші:

*Енді міне қазағымның таңы атты,
Нұрға бөлеп, жырға бөлеп алапты.
Әр отбасы, әрбір қазақ, әр адам,
Тәуелсіздік сақтау үшін жауапты.*


*Осымен 16- желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік деп соғады
жүрегім атты ертеңгілігі аяқталды. Назарларыңызға рахмет!*



Келісемін»
«Балбұлақ» МДҰ әдіскері:
Г.А.Туремуратова м.у.а



«Бекітемін»
«Балбұлақ» МДҰ меңгерушісі:
Х.К.Калжанова



Теориялық практикалық семинар.

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымдарда заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру»

Өткізген: Тәрбиеші: Туремуратова.Г.А

2021-2022оқу жылы

Теориялық практикалық семинар.

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымдарда заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру»

Мақсаты: балабақша педагогтарының мектепке дейінгі білім беру стандартына сәйкес топтарда заттық дамытушы орта құруға негіз болатын теориялық білімдерін тиянақтау.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі білімнің жанару жағдайында тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру;
- балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруға негіз болатын заттық-дамытушы ортаны жобалауға теориялық және практикалық тұрғыда толыққанды дайындықты қамтамасыз ету;

Бала тұлғасын дамытудың, танымдық қызығушылығын қалыптастырудың маңызды факторларының бірі қоршаған орта – бала өмір сүретін, ойнайтын, дем алатын орта болып табылады. Балаға сезім мүшелері арқылы әсер ете отырып, оның әсемдік, талғам, құндылық бағдар туралы түсініктерін қалыптастыруға болады. Осының барлығын балабақшада балаға жағдай құру барысында ескеру қажет.

Балабақшада заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру ерекшелігін талқыламас бұрын осы тақырыпқа қатысты терминдерге шолу жасайық.

«Балалар сұлулық әлемінде, яғни ойын, ертегі, ән, сурет, қиял және шығармашылық әлемінде, өмір сүруі керек. Бұл әлем баланы қоршап алуы қажет...», — деп В.Сухомлинский айтқандай, мектепке дейінгі жастағы балалардың қалыпты дамып, жетілуі үшін қажетті дамытушы ортаны қалыптастыру керек.

Заттық-дамытушы орта — педагогикалық үрдісті жүзеге асыруға қажетті уақыт пен кеңістік жағынан жүйелі ұйымдастырылған, қажетті заттармен, ойын құралдарымен жабдықталған эстетикалық,

психологиялық-педагогикалық шарттардың жиынтығы. Бұндай ортада бала белсенді танымдық, шығармашылық іс-әрекетке қосылады, қызығушылығы дами түседі, қиялы, ақыл-ой және бейнелік қабілеттері, қарым-қатынас жасау дағдысы дамиды, ең бастысы, үйлесімді тұлға дамуы жүзеге асады.

Педагогикалық сыр сандық:

Сұрақтар:

1. Заттық ортаның негізгі элементтерін атаңыз? (сәулетті – табиғи - экологиялық объектілер; ойын және спорт алаңдары, олардың жабдықтары; ойыншықтардың тақырыптық жинақтамаларымен, ойын материалдарымен, ойын жабдықтарымен жинақталған ойын кеңістіктері).

2. Заттық ортаға қойылатын бастапқы талапты атаңыз?
(Заттық ортаға қойылатын бастапқы талап - оның дамытушылық сипаты. Ол балабақша бөлмелерін, сондай - ақ участкені заттық кеңістікке ұйымдастыру арқылы баланың мүдделері мен қажеттіліктеріне, ал олардың элементтері (құрал - жабдықтар, ойыншықтар, дидактикалық материал, т.б.) баланың дамуына қызмет етуге тиіс).

3. Топта заттық-дамытушы ортаны құру не байланысты? заттық-дамытушы ортаны құруда нені ескеру қажет? (баланың жас ерекшелігіне, даму деңгейіне, тәрбие мазмұнына, іс-әрекет тәжірибесіне, білім беру ұйымының типіне)

4. Топтардағы негізі аймақтарды (зоналар) атап беріңіздер.
(Ойын, табиғат, қимыл-қозғалыс, танымдық даму, музыкалық-театрлық)

5. Дамытушы орта балаға не береді?

6. Заттық-көністіктік дамытушы орта–? баланы жан – жақты дамыту үшін психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне пайдалануға ыңғайлы жабдықтар мен құралдар жинақталған орын

Біз заттық дамытушы ортаның ерекшеліктерін тұтастай сипаттадық. Дамытушы орта құра отырып, тәрбиеші «бала өмір сүретін орта оның тәрбиесінде орасан, еш теңдесі рол ойнайтынын» әрқашан ескеруі қажет.

3. Әр педагог жас ерекшелік топтарына сәйкес тапсырмаларын қорғау.

4. Видео презентация: «Балабақшадағы заттық-дамытушы орта»

5. Семинар қорытындысы

- Өткізілген шара туралы сіз не ойлайсыз?

- Сіз үшін не маңызды болды?

-Сіз не үйрендіңіз?

-Сізге не ұнады?

- Сіз үшін не түсініксіз болып қалды?

- Әрі қарай бізге қандай бағытта қимыл-әрекет жасау қажет?

Осы нұсқау сұрақтарын қолдана отырып, маған қысқаша жеделхат жазыңыз. Мен сіздердің пікірлеріңізді алдағы жұмысымда ескеретін боламын.

«Заттық-дамытушы орта – бұл баланың рухани және дене

